

## Шотан батыр

*(Екі актілі, алты көріністі тарихи драма)*

### Алғы сөз

Он сегізінші ғасырдың ортасынан ауа бере екі жүз жылға жуық бір-бірімен жиі-жиі қақтығыста болып, біріне-бірі «ақтабан шұбырынды», «аңырақай» секілді тарихтың қанды беттерін жазғызып, елді есінен кетпестей қасіреттерге ұшыратып келген жоңғарлар мен қазақтар соғысы аяқталады.

Бұл соғыстың кенеттен аяқталуына басты себеп болған жоңғар елінің қытай шапқыншылығына ұшырауы болды. Адам баласы тарихында бұрын-соңды еш жерде, еш елде болып көрмеген, қатыгездік пен өшпенділіктің шегіне жеткен, алғаш рет тұтас бір ұлтты жер бетінен құртып жіберген қылмыс-қырғын уақиға болады.

Ұзақ жылдар бойы жоңғарлармен соғыс жағдайында өмір сүрген қазақ халқы енді соғыстан қолы босап, бейбіт өмірге бет бұрып, соған бейімделе алмай жатады.

Адайлар он үшінші ғасырда Алшын тайпаларының құрамында Жошы мен Бату соңына еріп, Алтын Орда мен Ноғай Орданың сойылын соға, сол замандардағы ұлы уақиғаларға араласа, Қырым мен Кавказ, Дон мен Днепр жерлерінде жұртын қалдыра жүріп, он бесінші, он алтыншы ғасырлар шамасында ақыры Қазақ хандығы туының астына жиналған қазіргі қазақ халқын құрап тұрған тайпаларға қосылып, өзінің мәңгілік Отанын табады, таихтағы орнын анықтайды.

Алатау мен Жетісуда ошағына от тұтатып, Түркістан мен Сайран маңында шаңырақ көтеріп жүрсе дағы бабалары бес жүз жыл бұрын қалдырып кеткен Маңғыстауды адайлар елі әлі ұмыта қойған жоқ болатын.

Тарихи жағдай адай тайпасына өздерінің тарихи отанына қайтуына мүмкіндік туғызады. Адай тайпасының билері мен батырлары, ру басшылары мен байлары сан ғасырлар бойғы адайлар арманын іске асыруға кіріседі.

Әуелі аңшы ретінде Маңғыстауға Есекмергенді жіберіп барлау жасатады.

Сосын алпыс үймен Маңғыстауға Шотан батыр аттанады.

Ақыры, Шотан батыр бастаған аз ауыл орналасып болғасын, тұтас ел маңдайын бабаларының ата күлдігі Маңғыстауға бағыттап, бас аяғы елу жыл шамасында Түркістан, Сауран аймағынан Маңғыстауға қоныс аударады.

### Басты тұлғалар:

**Әжібай.** Сөзін аспай-саспай жеткізе айтатын, сабырлы қарт кісі.

**Назар.** Әрі бай, әрі батыр атанған қарт кісі. Шотан батырдың әкесі.

**Бәйбіше.** Назар бәйбішесі. Жетісу, Алатау жақтың қызы.

**Шотан батыр.** Назардың ұлы, елу жаста. Ел басшысы ретінде танылған, шешен сөйлейтін әрі би, әрі батыр, ірі кісі.

**Көсем би.** Асығыстау, ойланбай сөйлеп қалатын, ақкөңілдеу кісі.

**Тоғыс би.** Маңындағы жұрттың қас-қабағын бағып отыратын, кісі назарын жықпай сөйлейтін адам.

**Қосболай батыр.** Адайлармен қоныстас беріш батыры.

**Сайқы би.** Күлдіре сөйлейтін қасиеті үшін Сайқы би атанған адам.

**Есекмерген.** Аңшы. Батыр. Алып адам.

**Қосан батыр.** Жас батыр. Назар байдың қоңсысы.

**«Қоңырат келін».** Қосан батырдың әйелі. Сауран маңын жайлаған қоңырат руының қызы болғандықтан «қоңырат келін» атанып кеткен жас әйел.

## **Бірінші акті.**

### **1 көрініс. Шотан батыр**

*Сахна ашылады. Қалың ойда отырған Шотан батыр. Ескі сарынмен орындалып жатқан жыр естіледі.*

Қазақ деген халықпыз...

Әй, қазақ деген халықпыз,  
Азаулыны ардақтап,  
Астана жұртын сайлаған.  
Стамболдан кем көрмей,  
Алмаға атын байлаған.  
Баса көктеп Қап тауын,  
Мұзына мәңгі таймаған.  
Еділ мен Жайық екі су,  
Днепр, Донды жайлаған.

Адай деген ел едік...

Әй, адай деген ел едік,  
Қазақтың қара баласын,  
Хан ұлына теңгерген.  
Жауына сойқан салсын деп  
Тентегіне жел берген.  
Терезесін тең тұтқан,  
Небір ұлы елдермен.

Қап тауында мәңгіге  
Адай атын қалдырып;  
Азаулыдай далада  
Адай мола салдырып;  
Қырымда қызын ұзатып;  
Ұрымда ұлын піштіріп;  
Бірде даха, бірде дай,  
Массагет боп, бірде адай,  
Мынау шексіз әлемнің  
Төрт бұрышын кезгенде;  
Жеті ханға ақыл боп,  
Сыпыра жырау өткенде,  
Маңғыстаудан Ауғанға,  
Асан қайғы кеткенде –  
Ізеді нені бабалар?  
Не ойлады даналар...

Байтағыма жетем деп  
Еділге көпір салдырған.  
Жайықтан өтсе Сарайшық,  
Шалғынға атын шалдырған.

Сарайшықта кеңесіп,  
Алтын тақты хандармен  
Дәрежесі теңесіп,  
Біздің сол бір бабалар  
Отырды екен не десіп?..

Жетісу жұмақ жаннатта,  
Мұңал ошақ от жағып;  
Түркістан, Сауран мекендеп,  
Өртіне жоңғар қақталып;  
Басынан бірлік кеткенде,  
Қазақтың ары тапталып;  
Шұбырынды ақтабан,  
Аты содан сақталып... *(жыр кенеттен аяқталады)*

**Шотан батыр. (күбірлеп)**

Шұбырынды ақтабан,  
Аты содан сақталып...  
Құдайым-ау! Бұл ойдан құтылатын күнім болар ма екен?..  
Шұбырынды ақтабан ететін елімнің не жазығы бар еді?..  
Сәл оңаша қалсам өн бойымды түйрей өтіп, әр сөзі жүрекке  
найза боп қадалар не қасиеті бар сөз еді?..  
Менің жер-жебіріме жете масқаралап... жанымды жаралап...

Қинап болды-ау мені осы сөз...

Не жазығым бар еді, менің?.. Өмір бойы енді осы сөз жерге қаратып өтетін болар ма?

Бұ қазақ елімді жау шабады деп дайын әскер ұстамаса батырлар қайтеді екен?.. Мен қайтеді екем?..

*Орнынан тұрып кетеді, қызына сөйлейді.*

Бұйқыт жатқанда жау шапса қазақ саспай қайтеді?

Сасқасын қашпай қайтеді?..

Қашқасын шұбырмай қайтеді?..

Шұбырғасын “ақтабан” болмай қайтеді?..

Бізге не дейді сонда, бұлар?..

Бір сәт тыныштық беруді қойды ғой маған, осы заржақ саз бен заржақ сөз...

*Сәл сабыр тауып, отырады.*

Жаудан құтылып, енді тыныштық табамыз ба десек, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан бездіретін пәлесі тап болды ғой, менің басыма... Жаудан кем болмады-ау мынау сөз!..

Кешіре көріңдер “ақтабан” боп шұбырған сорлылар! Қабырғалы елің тұрып паналар бұта таппаған пақырлар!

Ханыңнан ақыл шықпаса, батырыңнан батыр шықпаса, шұбырмағанда не етерсің, сорлы ел?!.

*Орнынан тұрып кетеді. Қызына, үдете сөйлейді.*

Жоқ! Қалай болғанда да біз кінәліміз...

Біздің ұрпақ кінәлі.

Сені қорғай алмаппыз!.. Аяғын жерге тигізбеспіз деген ата-ананы Алатаудан Қаратауға дейін жаяу шұбыртып...

Не деген бейқамдық?..

Содан енді қортынды шығарар ма, бұ қазақ?..

*Отырып ойланып қалады. Күбірлеп тағы қайталайды.*

Басынан бірлік кеткенде,

Қазақтың ары тапталып...

Әй заржақ ақын!.. Сен не дегенсің?.. “Басынан бірлік кеткенде” дейсің бе! Сен әлде қазақтың бейқамдығынан емес, қазақтың басында бірлігі жоқтықтан болған деп отырсың ба?..

Сонда қалай?.. Хан мен төре халықты жүз-жүзге бөліп алып, бір-бірімен келісе алмаса халықтың не жазығы бар еді, аузынан запыран, көзінен қан ағызарлық? Сен соны меңзеп отырсың ба?..

Хан мен төре мынау дархан далаға сыйыспаса қара халық “ақтабан шұбырындыға” ұшырай бере ме, сонда?..

Енді халықты қапы қалдырмау үшін не істеу керек?..

Мына ақынға сенсек хан мен төре дегенің халық үшін жоңғардан кем жау болмаған секілді ғой, асылы...

Хансыз, төресіз өмір сүруге болмай ма сонда, бұ халыққа?..

Қайтсек қайғысыз өмір сүргіземіз, бұ сорлыларға?..

Шымылдық.

## 2 көрініс. Назар.

*Сахна ашылады. Киіз үй көрінісі. Сахнада Назар мен бәйбішесі. Назардың байыз таппай, бірдеңеге мазасызданып жүргені байқалады.*

**Назар.** Әй Алла!, бергеніңе шүкір!.. Қазақ қамы, халық қамы деп қапылмайтын болдық па... Ойбай! елден айрылдық, ойбай жерден айрылдық деп зарламайтын да болдық па!..

Әркім өз от басының шаруасын ойлататын күнге де жеткіздің-ау, Алла тағала!.. Ұзағынан бере көр!..

**Бәйбіше.** Әумин. (бетін сыйпайды).

**Назар.** Бәйбіше!..

**Бәйбіше.** О не, батыр-екесі.

**Назар.** Апырым-ай! Шотан кешікті-ау...

**Бәйбіше.** Батар-еке! Кеше ғана түс көрдім. Шотаным ақ боз атпен топ алдында келе жатыр екен. Жүзі жарқын екен деп қуанып отыр едің ғой. Сабыр етсеші, келіп қалар.

**Назар.** Азғантай жасақпен бейтаныс елге қалай аттанған!... Шақырусыз келген аз ғана жасақты өз жұртында отырған қабырғалы ел қаласа қыра салмай ма?

**Бәйбіше.** Сақтай көр.

**Назар.** Олардың тағдыры жау қолындағы қылыштың жүзінде емес пе? Қалай тыныш отырарсың... *Аспанға қолын көтереді.*

Ей Алла, Сенен сұраған соңғы тілегім болсын! Елім деп еңіреп жүрген Шотанымның маңдайын ашық ете көр, пәледен қашық ете көр!.. Оны ойлаған ойына, бізді соның тойына жеткізе көр!.. Аллаһу акбер.

**Бәйбіше.** *(бәйбіше де Назарға қосылып «Аллаһу акбер» деп бетін сыйпайды)* Батыр-еке, о не той! Алладан тілеп тұрғаның қандай той? Жасың сексенге келгенде...

**Назар.** Балаң адай дейтін елімді бабаларының ескі қонысы Маңғыстау дейтін жеріне жеткізсем деп армандап жүр ғой. Сол шаруаның соңында жүр емес пе...

**Бәйбіше.** Тірліктегі біз көрген бұл адайларыңның бірінің табаны тимеген жер бұларға қоныс бола алар ма екен?

**Назар.** Шотанның ойы басқа. Аңыздарға сенеді. Сол жақта адайлардың 360 әулиесі қалған дейді. Ата-баба аруағы сол жерде күтіп жатыр дейді... Соған жетсек дейді... Аруақтар желеп-жебесе жұртым іргелі ел болар еді, бір жерге тұрақтанар еді дейді...

**Бәйбіше.** Елім дегені ұнайды маған осы балаңның...

**Назар.** Бәйбіше, Шотанның шақырған қонақтары, адайдың билері мен батырлары, бүгін біздің осы үйде бас қосады. Елдің беделді адамдарын шақырып алып, өзі жете алмай қалса... өкінішті-ақ.

**Бәйбіше.** Сонда бұлар не сөйлеспек? Қыдырыстамай отырсашы, хабарыңды айтсашы.

**Назар.** *(отырады)* Сенің балаң ендігі жерде Адай дейтін ел қай жерде мекен етпек, мәңгілік мекені қай жерде болмақ деген сұрақтарға жауап іздейді. Соны атақты билер мен батырлармен ақылдасып анықтағысы келеді!..

**Бәйбіше.** Батыр-екесі, бүгін үйге келетін кісілер ішінде менің төркіндерімнен ешкім болмайды ма? Білмедің бе?

**Назар.** Ай бәйбіше-ай! Жетісуда қалған сенің төркіндерің түгіл, осы маңайдағы ағайындардың да аман-саулығын біле алмай жүрген жоқпыз ба... Мына аласапыран заман адастырды ғой адамдарды, ажыратты ғой бауырларды... Шотан осы жиынға осы өңірдегі басты кісілерді де түгел жинай алмайтын болдық деп отырған.

**Бәйбіше.** Сонда балаң қай жаққа бағыт алғысы келеді?

**Назар.** Шотан елді Маңғыстау деген жерге жеткізу керек деп жүр ғой, көптен бері. Мына билер, батырлар қолдап жатса сол жаққа жайлап ығыса берсек дейді... Ел маңдайын сол жаққа бағыттасақ дейді...

**Бәйбіше.** Маңғыстау!.. Маңғыстау!.. Ол қай жақта? Біздің Алатау мен Жетісу жағы емес пе?

**Назар.** Жоқ. Маңғыстау деген батыс жақта. Бір кездерде біздің ата-бабаларымыз сол жерден қозғалған екен деседі.

**Бәйбіше.** Мына қалың елден бөлініп қайда барғалы жүргенін, о баланың?

**Назар.** Ол сол қалың еліңмен ақылдасып жүр. Көпшілігімен еездескен. Енді басын қосып ақылдаспақ. Сол үшін шақырып еді ғой!.. Кешікті-ау!.. Әй Алла, жолын бере көр жолаушымның!..

**Бәйбіше.** Келіп қалар.

**Назар.** Бүгін билер мен батырлар Шотанға қарамай-ақ сөзімізді бастай берелік деп шешіпті. Қазір осы үйге келеді. Бұндай келелі әңгімені «қыдыр көрген Назардың қара шаңырағында басталық» депті би інім, Әжібай.

**Бәйбіше.** Алла разы болғырлар, өркені өссін. Бізді, ағасының шаңырағын құрметтесе өздері де жастар құрметіне бөленер. Мен не ғып отырмын. Қызметшілерді шақырайын, ескертейін.

*Орнынан тұрады.*

**Назар.** Олар әзірше оңаша сөйлескісі келеді білем. Үйге қызметшілер кірмесін. Қосан батыр мен «Қоңырат келін» ғана қызмет көрсетсін, соларды шақыр.

**Бәйбіше.** Жарайды, батыр-екесі.

*Бәйбіше шығып кетеді. Назар жалғыз өзі байыз таппай тағы да үй ішінде қыдырыстап жүреді. Анда-санда «әй Алла, бергеніңе шүкір» деп қайталай береді. Үйге бәйбіше кіреді.*

**Бәйбіше.** Батыр-екесі-ау! Жоңғар жаумен соғыс аяқталды дегелі Алатуым мен Жетісуымды, туған елді қатты сағынатын болып жүрмін.

**Назар.** Адамның бәрі де сағынады ғой туған елі мен жерін.

**Бәйбіше.** Мына апаттан аман қала алды ма екен, жау өтінде қалған жазғандар-ай?.. Соларды ойлағанда кей-кейде бұ дүниедегі жалғыз қалған жандай сезінемін...

**Назар.** Қырық жыл қырғын болса да ажалдыға көріненр деген, жақсылығын тіле, бәйбіше.

**Бәйбіше.** Жау өтінде қалған шиеттей бауырларым-ай!.. Бір анадан бесеу, бір атадан он бауырым бар еді... Бар ма екен тірлікте?.. Әлде?.. Сақтай көр Құдай!.. *(Көзіне жас алады).*

**Назар.** Ау, бәйбіше!, Босағаның не? Бейбітшілік бізге қуаныш күлкісін әкеледі десек, сақтап жүрген жасы да бар ма еді... Қой оның не... Босама, аман болар. Хабар да алармыз.

*Үйге Қосан батыр мен оның келіншегі кіреді. Келін сәлем етеді. Бәйбіше жасырып көз жасын сүртіп, келінге батасын беріп жатады.*

**Қосан батыр.** Аға, Шотан батыр кетерінде бүгінгі болатын жиын туралы елге көп дабыра қылмаңдар деп тапсырма беріп кетіп еді. Сосын сізден сұрауға да бата алмағанмын. Бұл не жиын?

**Назар.** Шырағым, бұл жиын бір шешім қабылдауға тиіс. Шешім қабылдағанда да ел көңілінен шығатын, елдің болашағын қамтамасыз ететін, шешім біткеннің ең дұрысы болуға тиіс. Ұрпағымыздың болашақтағы бағы мен соры да бүгінгі қабылданатын шешімге байланысты.

**Қосан батыр.** Аға-еке-ай! Жүрегімді шымылдатып жібердің ғой!

**Назар.** Енді туар ұрпағымыздың біздерге болашақта айтар алғысы да, қарғысы да бүгінгі билер мен батырлар қабылдар шешімінің дұрыс-бұрыстығына байланысты болмақ.

**Қосан батыр.** Батыр аға! Мына сөздеріңіз менің жон арқамнан суық терді шұбыртып, білек жүнімді білеудей қып жіберді ғой! Сонда елдің болашақ тағдыры бүгін ортаға түсетіндей қандай мәселе екен?

*Сырттан «қонақтар келе жатыр» деген дауысы естіледі.*

**Назар.** Қонақтарға есік аш. Қазір бәрін де түсінесің.

Қосан батыр шығып кетеді.

*Шымылдық.*

### 3 көрініс. Билер кеңесі.

*Билер мен батырлар назардың үйіне кіреді. Келін сәлем етеді. Адамдар амандасып, көрісіп жатады.*

*Қосан батыр саба пісуге кіріседі. «Қоңырат келін» саба пұшпағын шешіп сырлы табаққа қымыз құйып, сапыра бастайды. Қонақтар салулы төсекке жайғасады.*

**Әжібай.** Көріспегелі көп болды-ау, Назар аға! Қоныстарың жайлы ма? Мал-жандарың аман ба?

**Назар.** Аманбыз. Кәдімгі «мұздай қаракөк» дейтіндей аманбыз. Өздеріңнің де мал-жандарың аман ба, билер мен батырлар!? Ат көліктерің арымай жеттіңдер ме?

**Сайқы би.** Назар ағам халықтан алған не түрлі құрметті атағы көп болғасын, ешқайсысын айтқызбай бұ күнде тек Назар аға аталатын болыпты. Әйтпесе Назар бай, Назар би, Назар батыр – бәрі де осы кісіге халқы сыйлаған өз аттары еді ғой, бір кездерде.

**Әжібай.** Өз еңбегімен алған аттарының бәріне де бұ күнде өз бауырынан өнген баласы жетіп жатса, Назар аға Шотанмен атақ жарыстырмайын дейтін болар.

**Тоғыс би.** Әлде ағамыз «Қыдар көрген Назар» деген жалғыз атты бәрінен артық санайтын болар ма...

**Назар.** Рахмет шырақтарым. Жүрген жерлерің тыныш па?

**Көсем би.** Елде тыныштық болушы ма еді, тәйірі! Өрістегі мал қосылса қойшылардың ұрысы, ойын баласы төбелесіп қалса қатындардың керісі!.. Ойбай-ау, тыныштық кетті ғой бұ жұрттан.

**Сайқы би.** Пай, пай! Халыққа қамын ойлайтын би керек дейтіні осы ғой, елдің. Бізің Көсем бидің халық үшін қалай қабырғасы қайысады.

**Көсем би.** Сөйлеп қал.

**Назар.** Жоңғар жаудың қытайдан аман қалғаны бар ма екен?



**Әжібай.** Жайық, Жем, Маңғыстау жақта қырық мың түтіндей қалмақ қалыпты деседі. Жоңғар жағымыз тынышталды ғой.

**Назар.** Ұзағынан болғай дағы.

**Әжібай.** Құдайға шүкір Назеке, бәрі аман, бәрі жақсы. Тек қана «мына құлаққа ұрған танадай» дейтіндей тыныштық заман адамға күдікті ойларды көп туғызатын болып жүр. «Бұ не деген батпан құйрық» деп, жан-жағымызға жалтақтай береміз, әлі күнге.

**Назар.** Жеткізді ғой бұндай күндерге, Аллатағала. Амансыздар ма деп жасқанбай сұрай алатын заман орнайды деп дәметіп пе едік? Бұрын амандық-саулық сұрағанда, өз-өзімізден қуыстанып тұратын едік.

**Сайқы би.** Ия, бұдан бір-екі жыл бұрын жұрт осындайда әуелі кімнің қай жерде, қай соғыста қанша сарбаздың мерт болғанынан бастаушы еді, әңгімелерін. Әсіресе мына Көсем билер сондайда көсемсіп кететін.

**Көсем би.** Мені қағытпып отырмасаң саған ас батпайды ғой. Айта бер. Біз орынды жерінде, ойымызға келген сөзді айтпай қала алмаймыз. Айтамыз. Саған жақпай қаламыз деп үнсіз де отырмаймыз.

**Сайқы би.** Пай, пай! Көсем бидің көсемсуін-ай!

**Көсем би.** Саған сөз жоқ.

**Әжібай.** Бұл екеуі біріксе басқа жұртқа сөз тиер деймісің.

**Көсем би.** Жарайды, сөйлей беріңдер, бізден ұлқсат.

**Әжібай.** Назеке! Біздер досың түгіл жауыңа тілеместей өмір кештік емеспіз бе?

**Назар.** Солай би інім. Өте қиын кезі бізге тап болды ғой бұл тірліктің. Айта жүріңдер, ұмыт етпеңдер, ел есінен шықпастай болсын.

**Әжібай.** Есінде жүрсін дейсіз-ау, мен адам пендесінің басынан өткен қайғысын да, қуанышын да тез ұмытатынына таң қалатын болып жүрмін.

**Назар.** Ондай ұмытшақтар көбіне аруақ аттайтындар мен Аллаға сенбейтіндерден, қолынан іс келмейтіндер мен кісі сыйламайтындар. Өлілер аруағын ұмытқандар тірі қадірін де бағалай алмайды. Олар бөлек жаратылатын жандар.

**Әжібай.** Жұрт осы бейбіт өмір сүрген бір-екі жылда сол күндерде бастан кешкендерін ұмыта бастаған секілді. Енді қилы заманда елге қамқор болған, берекесі кеткенде ұйытқы болған билер мен батырларды ауыл өсегіне қиятындар да табылып жатыр... Ел бізге түсінбей, біз елге түсінбей әлекпіз.

**Назар.** Алланың ісі болар ма? Ел ниетін басқа жаққа бағыттамақ болғаны ма?

**Сайқы би.** Алланың ісі ме, сайтанның ісі ме, әйтеуір өмір бойы біреуге өкпемен өмір сүретіндер елді бүлдіреді де жүреді.

**Бәйбіше.** Бәрімізде өкпешіл болып алдық. «Би» қайным көрінбей кеттің ғой. Менің өкпе арта сөйлейін деп тұрғанымды болжап білгендей

бұрын жұдырықтап жатырсың ба? Әлде аға-жеңгеге уақытылы сәлем бермегенді ұятқа санамайтын заң шығарып алдыңдар ма?

**Әжібай.** Жеңеше! Назың орынды. Биыл кезінде келіп көрісе алмадық. Жан-жағымызға тыныштық орнады дегенмен, жүрекке тыныштық орната алмай жатырмыз. Ауыл маңына түнде тосқауыл, күндіз қарауыл қоймасақ әлі тыныш ұйықтай алмаймыз.

**Назар.** Бәйбіше жағдайды түсінетін кісі ғой, ойнап айтады. Әйтпесе ана әдетін, ата жолын сақтап өмір сүруге мына заманымыз мүмкіндік берді ме.

**Әжібай.** Жеңгеміз де сол үшін айтып жатырған болар. Ата жолын бүгінгі біздер ұмытсақ ертеңгі жастардан не күтеміз...

**Назар.** Құдайға шүкір. Елге тыныштық орнай бастаған секілді. Қалай соғысамыз деп емес, міне енді қалай қоныстанамыз деп, қалай ұрпақ қамын ойлаймыз деп бас қосып жатырсыңыздар.

**Әжібай.** Ие солай! Шотан батыр жиналайық, ақылдасайық дегесін келіп жатырмыз. Шақырылғандар түгел жиналып болды ма, Қосан батыр?

**Қосан батыр.** Шотан батыр орала қойған жоқ. Басқа шақырылған билер мен батырлар түгенделіп болды.

**Назар.** Би інім! Осы жиынды шақыртып жүрген Шотан еді. Өзіңе де арнайы барып хабарластым деген. Қайтып ораламыз деген жобасынан үш күн кешігіп жатыр. Келіп қалар. Дем алып, кеңес құрып жата тұрыңыздар.

Келін, қымызың дайын ба? Жолдан келген кісілер сусаған болар.

*«Қоңырат келін» қымыз құяды. Қосан батыр қымыз құылған зерендерді алып бере бастайды.*

**Әжібай.** Бәрекелді. Шотанның елмен ақылдасалық дегені дұрыс болды. Ақыл жастан деген осы дағы. «Ер соңымнан, көштік» десе де көше береді ғой. Бірақ Шотанның бұл ойы да, істеп жүрген ісі де көреген кісінің әрекетіне ұқсайды.

**Назар.** Оны жалғыз Алла білмесе, кім білген.

**Әжібай.** Ал енді жігіттер, «Сақтансаң сақтармын» деген. Жан-жаққа шолғыншы жіберіңдер. Бейқам болмалық.

**Тоғыс би.** Дұрыс болар. Жау жоқ деме жар астында. Қамсыз қалмалық.

**Әжібай.** Шолғыншыларға ең кемі қозы көш жерден бері жүрмесін деп тапсырыңдар.

**Көсем би.** Назеке! Мына далаңның адам шығар төбесі де, жайланып отырар жалы да жоқ жер екен. Осындайға ауыл қасында биігі бар жер жақсы ғой, шіркін. Төбесіне шығып бел босатып, жан-жағыңа қарасаң болды бәрі алақаныңдағыдай көрінер еді.

**Сайқы би.** Әй би-еке-ай! Сенің атыңды қалай тауып Көсем қойды екен. Сен төбе басына шығып бел шешкенде осы төбеден сарқырап өзен ағып, мына даланың шөлі қанып қалса ғой, шіркін!..

**Көсем би.** Сөзің бар болсын, сенің. Сен кез-келген сөзден астар іздеп, өңін айналдырып отырмасаң Сайқы атанар ма едің.

**Әжібай.** Жә, осы екеуің кездессеңдер қысыр сөз көбейіп кетеді. Бос сөзді бүгінше қоя тұрыңдаршы. Ал ағайын, бүгін біз осында әдейі жиналдық. Ойлаған ойымыз бар, алдымызға қойған мақсатымыз бар.

**Көсем би.** Дұрыс.

**Әжібай.** Осы жиынға шақырылғандардың барлығы бір атаның, адай атаның балалары. Құдай бауыр еткен, тағдыр көрші еткен мына аз ауыл беріштер мен шеркештер де бөтеніміз емес.

**Қосболай батыр.** Дұрыс, дұрыс. Біз де атамыз атаңмен аталас, малымыз малыңмен қоралас бір құрсақтан тараған адамдармыз.

**Әжібай.** Қазақ халқының ортақ жауы, ата жауы жоңғардан құтылып төсекте тыныш жатқалы да, аттансыз ұйқы қандырғалы да біраз уақыт болып қалды.

**Назар.** Алла тілегімізді берді ғой.

**Көсем би.** Тыныш ұйқыға біз әлі үйрене алмай жүрміз емес пе. Түсімде «Аттан, аттан!» деп шошып оянамын.

**Сайқы би.** Өңің түгіл түсіңде «аттан» салып жүріп, өзің аттанбай қала беретінің қалай, Көсеке? Сізді қол бастады, жоңғар шапты дегенді естімеппіз ғой.

**Әжібай.** Қоя тұрыңдар демедім бе? Не болғанда да енді сенің Көсем құрдасың жоңғар шауып батыр атағын ала алмайтын болар. О кәпірлер енді қайтып бас көтере алмастай болған көрінеді.

**Қосан батыр.** Қазақты қан қақсамын деп жүріп, өздері қан құсыпты дейді ғой.

**Әжібай.** Сорлылар Алланың қарғысына ұшырады ғой деймін. Құмырсқадай қаптаған көп қытай жоңғардың еркек кіндігінен тірі жан қалдырмай қырып салыпты. Бесіктегі баланы да аямады дейді.

**Тоғыс би.** Астафралла! Мынау адам естімеген жауыздық қой. Ай біздің үлкендерді дана емес деп көрші! «Қара қытай қаптаса ақырзаман сол болар» деп, осыны болжап кеткені ме?

**Әжібай.** Ағайындар енді аз жылда қайғы да, қасірет те, бәрі де ұмыт болады. Көрген қорлығың мен зорлығыңда да ұмытасың. Көрген азабың мен жеген таяғың да ұмыт болады. Алла жарылғайын десе осы далаңа енді он шақты жылда мал да сыймайтын болады, ел де сыймайтын болады.

**Көсем би.** Бұ кездегі жігіттердің жан басына үштен, төрттен қатыны болса үйге бала толмай қайтсін! Күнде шауып малыңды айдап кететін жау жоқ болса далаға мал толмай қайтсін!

**Сайқы би.** Осы сөзің дұрыс болды. Әсіресе сіздің ауылдың қалмақ қатындары төлшіл екен деп жұрт шулап жүр ғой. Бірақ қалмақ қатыннан туған өз балаларыңды қалмақ деп атайтындарың ұят екен.

*Біреулер күледі. Біреулер сыбырласып қалады.*

**Тоғыс би.** Әй Көсем мен Сайқы! Осындай келелі кеңесте келеңсіз әңгімеге неменеге құмар болдыңдар?

**Әжібай.** *(ыбыр-сыбыр басылғанша күтіп отырады да сөзін қайта жалғайды.)*

Жақында ел аралап Шотан батыр осы отырған әр қайсыларыңмен хабарласты. Ойын айтты. Осы кеңеске шақырды. Ойланарлық, қортындыға келерлік біраз уақыт өтті. Қоныс пен жайлау тарлығы бүгінгі күні ел аузындағы айрықша әңгіме болмағанымен енді біраз жылдан кейін қазақтарды әуелі бір-бірімен дауластыра бастары, артынан жауластыра бастары сөзсіз. Ағайын мен ағайын су мен шөпке таласып, дау бастар. Көзіміз соны көрмесе екен деп едік. Қайтсек қате баспаймыз? Қайда барып тұрақтаймыз? Ақылдасқалы жиналды. Осы жолы бір шешімге келіп, соны іске асырмақ ойымыз бар. Ойларыңды бүкпей, біреуге жалтақтамай тура айтыңдар.

**Көсем би.** Жалтақтамай сөйлейтін болсақ, бізді бұл жерден кім қуып жатыр? Қысы мен күзі жылы, суы мен оты мол, осы жерден артық қоныс іздеп қажеті не? Шотанның не ойлап жүргенін түсінбедім.

**Сайқы би.** Бізді бұл жерге Тәуке хан Алатау жақтан көшіріп алыпты дейтін еді ғой. Жұрт әлі күнге Алатауда «Мұңал ошағымыз» қалды, ата қонысымыз қалды деп әңгіме етеді. Солай ығысқан дұрыс болар. Жетісу жерінен, күпір болсам да айтайын, жұмағың да артық емес шығар.

**Қосан батыр:** Біздің елдің ұзақ жылдар қан төгіп қорғағаны осы жер емес пе? Осы жерге қорған болған елдердің бірі біз емеспіз бе? Олай болса осы жерде орнығамыз дағы. Менің жерім еді, босат дегеннің әуселесін көріп алармыз.

**Сайқы би.** Ау жас батыр! Шамала, басқалар қатты кетсе де сен қатты кетпе! Сені бұл жерге қазықтап тастаған жердің қасиеті ме, әлде ана қымыз құйып отырған қоңыраттың сұлу қызының өзі ме? Қайнағаларың келіп әй күйеу жұртымды босат десе, жаңағы сөзіңді қайталай алар ма екенсің?.. Сенің батырлығыңды жоңғарлар мойындағанмен қоңыраттар мойындай қояр деймісің? Олар үшін сен бар болғаны күшік күйеусің.

**Қосан батыр.** Сайқы би, Сайқы би дегенге Сіз тым артық кететін болыпсыз ғой би аға!.. Мені емес, қасыңыздағы мүжіп үйренген Көсем құрдасыңызды қажай берсеңізші!.. Мен сіздің құрт жеп мұқалған тісіңізге қаттылау тиермін! Мен бұл жерде күшік күйеу болғанда, күшік күйеу атанбайтын жерім қайсы екен? Сілтеші жөнін!

**Сайқы би.** Көрініп тұр. Үлкенді үлкен деп сыйламас, ағаны аға деп танымас томырықтың өзі болмасаң болар еді?

**Қосан батыр.** Сайқы би! Би аты бар кісі аңдап сөйлемес болар ма? Шоттың басын бассаң сабы маңдайыңа тиер демей ме?..

Туған жері осы болса, туған жерімде тұрамын десе ердің не жазығы бар екен?

Өзіңіз суына мейір қандырып, малыңыз отына қарын тойдырып жатқан жерді даттайсыз, жердің не жазығы бар екен?

Қолыңыздағы зереңге қайнағам еді деп ақ ниетімен ақ құйып беріп отырған келіннің не жазығы бар екен?

**Көсем би.** Пай, пай! Мына бала қалай төгеді!

**Қосан батыр.** Сонша жылдан бері бірі күшік күйеу деп айтып көрген жоқ еді, бұл елдің бір адамы, сол қоңыраттардың сіздің алдыңызда не жазығы бар екен?..

**Көсем би.** Әй сойды-ау! Пай, пай!

**Сайқы би.** Жарайсың жас батыр! Әлің жетсе атаң да болса жық, аясаң тұрғызып жібер деген екен. Аға деп те, би деп те ешкімді басындырма!.. Елге сендей жігіттер керек-ақ! Жарайсың!..

**Әжібай.** Осылай ғой, ата жолы. Аға інінің маңдайынан сыйпар болар. Тентектігін көтерер болар. Сондай ағаға іні де үйір болмақ.

**Сайқы би.** Дегенмен шырағым, біздің елімізге қазірдің өзінде халқы сыймай жатқан бұл жерден көрі, Жетісу жақ пайдалырақ болар. Көп адамдар да солай деп жүр.

**Әжібай.** Бүгін бәрін айтыңдар, бүкпей айтыңдар.

**Көсем би.** “Пәлен жерде пайда бар, барсаң пайда түгіл бақыр да жоқ” демеуші ме еді?

**Қосан батыр.** Бабаларымыз екі рет көшкен бір рет өртенгенмен бірдей деген екен. Соны да ұмытпаңдар.

**Сайқы би.** Апырым-ай мына батыр тақымдап қоятын емес қой!.. “Жоңғар жоғалса, сол жақта жер босамай ма” деген дәме де мені сол жаққа жетелей береді. Жарықтық талай шарладық қой ол жерлерді.

**Назар.** Шұрайлы қоныс жақсы ғой, қазір қайырлы қонысты көбірек ойлайтын кез секілді.

**Тоғыс би.** Аталарымыз осы Түркістан-Сауранға дейін Алатауды қоныс еткен екен дейді ғой! Алатауға қарай ойысқан дұрыс болар ма деп ойлайтындар да бар. Көбіміздің ата жұртымыз да, нағашы жұртымыз да сол жақта көбірек қалған секілді. Сайқы би де сол ойда секілді.

**Қосболай батыр.** Жарықтық Жетісуды жер жұмағы дейді ғой. Тек қана ол жақтағы ел бізді сыйыстыра ала ма, біз оларға сыйыса аламыз ба?

**Көсем би.** Сыйыспайтындай не бар? Жауларын жауласқан біз емес пе? Кектерін қуысқан біз емес пе? Ақтабан боп шұбырғанда пана болған біз емес пе?

**Сайқы би.** Ел сыйысар-ау, Көсем би сыяқтылардың осындай тілі сыйыстырмайды ғой ел мен елді.

**Көсем би.** Ой, көкек! Нағыз көкек. Өз атын өзі шақыруын.

**Назар.** Жас өспей ме, жарлы байымай ма демеуші ме еді. Қазақ маңдайына өмір бойы аттың жалында, түйенің қомында өмір сүру жазылған деймісің? Елдің етек-жеңі ертең-ақ жайыла бастар. Елдің екі жүз жылдық соғыста көрген қасіретін екі жылдық бейбіт күн ұмыттырар. Сол уақытта дәулет те керек болар, сәулет те керек болар. Шотан Маңғыстау жаққа көшелік деп жүр ғой!..

**Әжібай.** Апырым-ай!.. Ойларымыз онға бөлініп тұр екен ғой... Мен бір қортындыға келерміз деп дәметіп едім. Ойымызды бір салаға түсіре алсақ жарар еді. Жарайды, түс қайта тағы бір сөйлесіп көрелік. Соған дейін бір-біріңмен ақылдасып, ойларыңның артық-кемін салмақтап қараңдар...

Орындарынан тұрысады.

*Шымылдық.*

## **Екінші акті**

### **1 көрініс. Шотан батыр.**

*Қонақтар далада, ауыл сыртында жүреді. Қосан батыр қолымен күн шалып, бір атты кісінің жедел келе жатқанын айтады.*

**Қосан батыр.** Біздің шолғыншы жігіттердің бірі секілді ғой. Шотан батырдан хабар әкеле жатырған болар.

**Назар.** Айтқаның келсін. Ие Алла!, бергеніңе шүкір.

**Әжібай.** Билер мен батырлар аузы бірікпей, жан-жаққа тартып тұрғанда әрі қол бастап батыр атанған, әрі сөз бастап шешен атанған Шотан батыр пікірі керек-ақ болып тұр еді, бұл жиынға. Алла сәтін салғысы келген болар.

**Көсем би.** Шотан нағашыларының еліне, Жетісуға жетектейді дағы. Басқа не айтар дейсің.

Хабаршы сахнаға шығып көпшілікке сәлем береді.

**Хабаршы.** Ассалаумағалайку-у-ум, ағалар! Шотан батыр жасақтары жақындап келеді. Іштерінде Есекмерген батыр да бар.

**Көсем би.** Жасағы несі? Ел шауып жүр ме? Бұлар қайдан келе жатыр?

**Сайқы би.** Қуанып кеттің ғой. Ел шауып келе жатса үлес алғың келіп тұр-ау шамасы.

**Назар.** Жаман сөзді айтпаңдаршы. Шотан өткен жылы Есекмергенді Үстірт пен Маңғыстау жақты барлап кел деп, қасына бір бала қосып жасырын ел асырып жіберген болатын. Енді өзі қасында ұстайтын жасақтарымен соларды алып келемін, Үстірт пен Маңғыстау

жерін көріп келемін деп кетіп еді. Содан қайтқаны ғой. Уәделі аптасына жетіп үлгерді.

*Шотан батыр мен Есекмерген сахнаға шығады. Сәлемдеседі.*

**Назар.** Аман оралдыңдар ма, балам?

**Шотан батыр.** Жақсы. Бәрі дұрыс. Сәтті сапар болды, әке.

**Әжібай.** Есекмерген көптен көзге түспей кетіп едің. Жасырын, арнайы шаруаға жұмсалған еді деп отыр ғой, Назар ағамыз.

**Шотан батыр.** Би аға кешіріңіз! Ол сіздерден жасырын істелген шаруа емес. Ел берекесін бұзбалық, қисықтар аузына сөз салып бермелік деп шешіп едік, Есекмерген батыр екеуміз. Сосын, әлімсақтан өздеріңіз айта беретін Маңғыстау қандай жер екенін әуелі біліп алғымыз келгені ғой. Елге жақсы мекен, жайлы қоныс бола ала ма? Бола алмайтын болса, жұртты дүрліктірмелік деп ойладық.

**Әжібай.** Дұрыс болған.

**Назар.** Есекмерген шырағым! Маңғыстаудың құланы мен киігі малға жайылым бермейтін еді дейтін не сөз екен?

**Есекмерген.** Сол жердегі елдің малдарымен қосылып даланы толтырып сол аңдарыңыз жайылып жүр. Малға да, аңға да, адамға да жер жететін. Құлдан мен киік көз үйренген аңдар ғой. Ол жақта еш жерде кездеспейтін құбыжықтар мен кісі киіктер де бар ма деп қалдық.

**Көсем би.** Жыраулар жырындағы Маңғыстаудың құмдары тауларындай болады екен... Судан шыққан айдаһары асу бермейді екен деген аңыздары немене екен?..

**Есекмерген.** Аңыздардың бәрі рас па деп қалдық. Бұрын еш жерде кездеспеген талай ғажаптар бар секілді.

**Тоғыс би.** Адайлардың үш жүз алпыс әулиесі қалған мекені еді деген не сөз екен?

**Есекмерген.** Ескі әулиелер бар. Халық аузындағы Ман ата мен Сисем атаны таптық. Бірі Үстүрттің астында, бірі Үстүрттің ернегінде, маңында тұщы бұлағы бар жерлерде жатыр. Аралары алыс емес. Түркімендер осындай қорымдардың бұрыннан бар екенін айтады.

**Әжібай.** Ол жерде мүрде басына қандай ескерткіштер қояды екен?

**Есекмерген.** Ертедегі ескерткіштерден ол жерде сақталғандары өзіміздің Азау даласында қойып жүрген құлпытастарымыз бен кереге тамдарымыз секілді.

**Назар.** Сонда, Маңғыстау деген қандай жер? Адам тіршілік етуге жағдай бар ма?

**Есекмерген.** Алатау мен Қаратаудай сарқырап ағып жатқан өзені жоқ болғанмен жіңішке бұлақтары бар, Көкшетау мен Сарарқадай шалқып жатқан жер бетінде тұщы көлі болмаса да жер астында тұщы суы мол секілді. Арқаның қысындай қақаған қысы жоқ, ызғырықта мал мен жанға пана болар ығы мен сайы мол жер екен.

**Әжібай.** Теңізі бар деген не сөз.

**Есекмерген.** Маңғыстаудың үш жағы шалқар теңіз. Ал құрлықпен жалғастырап Үстірт дейтін дөңіне он шақты ат жолы арқылы шығып-түспесең, кез-келген жерге жол сала алмайтын шың мен құз.

**Қосан батыр.** Жау жақындатпас қорған десеңші.

**Шотан батыр.** Елін жауға бермес нағыз қамал.

**Әжібай.** Шотан батыр! Сені күтіп жатып мына ағаларыңмен біраз ақылдастық та. Ел тағдыры не болады деп сұрастырып та қарадық. Мынау тұрған жерімізде ұзақ тұра аламыз ба, алмаймыз ба деп ой тастадық. Енді өзіңді тыңдағымыз келіп тұр.

**Шотан батыр.** Менің бұл мәселе бойынша баяғыдан айтып келе жатқан бір ұсынысым бар. Мойындайтын да бір қисыным бар. Адайларға бұл жердің де, басқа жердің де, тіпті жұмақтың да қажеті жоқ деп ойлаймын. Мен бізді бес жүз жылдай күтіп жатқан ата-бабам күлдігін сағынамын. Жошы мен Батый заманынан бастап есіз қалған, мынау жұмыр қара жерде тіршілік пайда болғалы адай жұртына қасиетті мекен болған, сан мыңдаған жыл ата-бабамның сүйегі қалған атамның көң қорасы мен анамның үй тіккен қара жұрты қажет. Ұрпағымыз ата-баба аруағы желеп-жебеген кезде ғана, сол жердің киесіне айналған ата-ананың қасиеті қамқорлаған кезде ғана біз қабырғалы елге айналатынына сенемін. Ман бала-шағаны Үстүрттің ала қырына, Маңғыстаудың қара ойына жеткізу керек деп ойлаймын.

*Шотан батыр қызына сөйлейді.*

Ау, ағайын! Ата-баба қара жұрты күтіп жатқанда басқа жер саған Жерұйық бола ала ма!..

**Әжібай.** Сабыр, сабыр, Шотан батыр.!

**Шотан батыр.** Қалай сабырлы сақтарсың! Бұл сабырмен жайбарақат сөйлейтін сөз бе екен!?

Мен он бес жасымда алғашқы ұрысқа дәл осы айда кіріп едім. Міне менің қырық жыл өмірім қырылған жаудың өлекесінен жиіркенумен, қаза болған бауырларымды жоқтап жас төгумен өтіпті. Бір күн бел шешіп, төсек рахатын көрмеппіз.

Тағы да даусын үдете түседі.

Ел қамы деген сөз ауыздан шыққанда біз бен сіздей адам жайбарақат отыра алар ма!..

**Әжібай.** Сабыр, сабыр Шотан батыр!

**Назар.** Балам хан мен биін құрметтеген, сұрағын екі еткізбеген қасиет батырлықтың белгісі екенін білмеуші ме ең? Осы отырғандардың бәрінің де елі үшін қабырғасы қайысады, омыртқасы майысады.

**Сайқы би.** Әй Шотан! Маңғыстау кететін болсаң сен ана арқадағы өзіңнің атыңдағы Шотан көлге ие етіп мені тастап кет. Жұртта қалған жоңғар қатынын тауып үй болайын. Есіз қалған мал жиып бай атанайын.



**Шотан батыр.** Құрдас о не дегенің. Сенің мені тастап кет дегенің бар адайдың күлкісі мен көңілін тастап кет дегенің ғой! Жоқ, бізді сұрапыл соғыстарда аман сақтаған сіздей сөзге көңілді, қайғыға жеңілді, мойымас жандар қылығы болатын. Қалдыра алмаймыз. О жақта да жаусыз болмаспыз. Саған әйелдікке міндетті түрде жау қызы керек болса, ол жақтың қалмағы мен қызылбасы бар жер екен. Жау бар жерде жесір мен күң болар. Олар болса саған қатын да табылар. Бізді күлкімізден айырма.

**Сайқы би.** Сояу қара басы қалған кісінің қатты күлгісі келеді екен. Соңғы кезде көп күлетін болып кеттім.

**Көсем би.** Бұның қатын таба алмай жүрген несі бар. Өзі ғой алмай жүрген. Өткен жылғы жоңғарлар бар малын айдап кетіп, бар жанын мерт еткелі өзгерді ғой бұ кісі мінезі.

**Сайқы би.** Жоқ, өзгерген жоқпын. Біздей адамға үй мен жайдың енді керек болатын реті бар.

**Әжібай.** Келістіңдер ме! Жақсы болды. Ниеттеріңді Алла қабыл етсін. Ал сонымен бүгін не тындырдық деп қайтамыз?

Біреулерің Алатауға оралсақ дейсіңдер. О да болар, алыс емес жетерміз. Бірақ ондағы ағайын құшақ жайып қарсы алмаса не етерміз?

Бұ жақта қалғанда Арқаны жайлануға, Сауранды сайрандауға шамамыз жетер ме екен? Әр төбенің басында ағайын жұрттың атасы жатыр. Әр көкіректе атасына оқыр батасы жатыр. Сонда біз солардың арасында жүріп не тындырмақпыз?

**Шотан батыр.** Дұрыс айтасыз, Әжібай аға! Біз Қырымда қыз ұзатпап па едік? Ұзатқанбыз!

*Қызулана сөйлеп, бірте-бірте даусы жоғарылай береді.*

Біз Ұрымда ұл үйлендірмеп пе едік! Үйлендіргенбіз!

Кеше ғана аталарымызға мәңгілік құтты мекен секілді көрінген сол жерұйықтар бүгін қайда? Жаттың қолында. Енді олар біз үшін қайырсыз қоныс пен қайғыға толы естелік қана.

Біз Қап тауының етегін қыстап, қырқасын жайламап па едік? Бір қыратын адай шыңы атандырмап па едік? Жердің Жұмағы секілді емес пе еді? Қайда сол адыра қалғыр қоныстар?

**Көсем би.** Ой шіркін-ай! Шалдар аңыз етіп отырушы еді.

**Шотан батыр.** Олар бізге құтты қоныс бола алмады.

Бола алмады! Бола алмайтын да еді! Себебі біздерді желеп-жебеп жататын ата-баба аруағы жоқ еді ол жерлерде.

Ол жерлер біздерге Отан бола алмады. Себебі ол жерлерде сіздердің әулие аналарың мен әулие аталарыңның кіндік қаны тамбаған жер еді.

**Тоғыс би.** Дұрыс айттың-ау Шотан батыр. Алыстан келген ұланды ошақ күліне аунатып алатын ата әдеті тек емес болар. Адам

атасы мен анасының маңдай теріне шыққан жеміс дәмін татпай жер қадірін біле алмас. Бірақ қайда сондай жер?

**Шотан батыр.** Бар ондай жер, ол – Маңғыстау! Біз тек қана сол жерден бақыт пен береке таба аламыз!

**Қосболай батыр.** Кім білген? Байтақ елді бір кісі көріп келді екен деп, белгісіз жаққа елді бастап кету де қауіпті болар.

**Шотан батыр.** Қосболай батыр! Беріштерің Азаулы даласында «Беріш» атты қала салмап па еді? Салған!

Мына шеркештер сол жақтағы «Шеркеш» деген жұртта өсіп өнбеп пе еді? Өнген!

Қайда сол қалалар? Қайта сол қоныстар?

**Назар.** Кешегі аласапыран күндері жан мен малды ойламадық. Ол кезде елдің елдігін сақтап қалу үшін жанталастық. Содан барып бытырап жүрген елдің басы бірікті. Енді сол бірлікті сақтап қалуға тырысындар. Ал тыныштық пен бейқамдық – ол қазақтың ішкі жауы. Сақтанбасаң бейқамдық салар іріткі жау әрекетінен кем болмас.

**Қосболай батыр.** Жем мен Жайыққа, Үстүрттің үсті мен Маңғыстаудың ойына көшелік дейсіңдер. Ол жақтағы қалмақ пен түркімендер қайда кетеді?

**Шотан батыр.** Міне сондықтан да адайлар ата қонысын босату керек. Басқа қазақ рулары да ата қоныстарына бет алып жатыр.

**Қосан батыр.** Қазақтар қалмақпен көрші отыра алмайтын болар.

**Шотан батыр.** Маңғыстаудан адайлардың кеткеніне бес жүз жылдай уақыт болған екен. Түркімен бауырың жерді бауыр басып та қалған болар. Оларды түсіндіреміз.

**Назар.** Енді жау жоқ. Жау жоқ жерде жанның да, малдың да тәттілігі арта түседі.

**Шотан батыр.** Анау Жетісу мен Қаратаудың да, тонау Ұлытау мен Шыңғыстаудың да тірі жүрген иесі бар, көмулі жатқан киесі бар жерлер. Енді берісі елу жылда, арысы жүз жылда Үйсіндер мен Арғындар Ұлытауы мен Алатауына, Ертісі мен Жетісуына сыймайтын елге айналар.

**Әжібай.** Бұл сөзіңнің жаны бар, Шотан батыр.

**Шотан батыр:** Біздің желеп-жеберіміз де, құтты мекен боларымыз да 360 әулиелі Маңғыстау деген жер болар. Бетті соған бұру, маңдайды соған бағыттаған жөн болар. Ата-баба аруағы желеп-жебеп жатқанда ғана жер елге құтты мекен бола алмақ, сүйікті отан бола алмақ!..

**Тоғыс би.** Ол жақта әлі қалмақ пен түркімендер тұрып жатса, алдымызда ұрыс күтіп тұр десеңізші?..

**Көсем би,** Бола берсін. Жоңғарды жосытқан қазақтың қаһары қалмақты қаймықтырмас деп пе едің?

**Әжібай.** Түркімен тұтасып жатырған ел екені рас. Бірақ түркіменнің көптігінен қорқып емес, түбі бір түркілігін сыйлау қажет. Олармен соғыссыз, ата қонысымызды иеленуге тырысып бағармыз.

**Назар.** Би аға, сіз де, мына билер де Шотанның сөзін сөйлеп бара жатырған секілдісіз. Соған бәріміз де көнеміз деген сөз бола ма сонда?

**Әжібай.** Шотан сөзінің жаны бар секілді. Біз енді бір күн мұрсат берелік билер мен батырларға. Ертең таңсәріде осы жерге жиналамыз да, шешім қабылдаймыз.

Бір күн бойы сөйлесіңдер, түсінісіңдер. Ертең дайын жауаптарың болатын болсын.

Билер мен батырлар тарасады.

*Шымылдық.*

## 2 көрініс. Есекмерген.

Әжібай ауыл артында Есекмергенмен оңаша сөйлесіп жатады.

**Әжібай.** Есекмерген шырағым, мен сені басқалардан бұрын шақыртып алып тұрғаным, сені оңаша тыңдағым келді. Бір жыл бойы елсіз жерде ассыз-сусыз қосшы балаң екеуің қалай өмір сүрдіңдер?

**Есекмерген.** Ол жақта ел де бар. Су да бар. Ал ас дегенің бәрінен де көп. Аң мен балық, құс пен жұмыртқа дегендерің бір адамды емес, тайпалы елді де асырар еді.

**Әжібай.** Түркімендер жай мәстәтіне жүрген кісілер ме, әлде биі мен батыры бар, ханы мен төресі бар ел ме?

**Есекмерген.** Ол жерде Хиуа ханына қарайтын түркімендер тұрады.

**Әжібай.** Онда мұсылмандар екен ғой.

**Есекмерген.** Мұсылмандар.

**Әжібай.** Сонда саны қанша?

**Есекмерген.** Олар көп халық емес. Ернекті жағалап бір-екі күн жүргенде жан кездеспейтін уақыттары болды. Ойға түскенде ауыл мен ауыл арасы атпен бір күндік жерлерде отырады.

**Әжібай.** Қаласы бар ма?

**Есекмерген.** Қала салмайды. Біздер секілді көшіп-қонып жүретін ел.

**Әжібай.** Мылтық қаруы бар ма?

**Есекмерген.** Бәрі болмағанмен ішінара мылтық ұстайтындары бар.

**Әжібай.** Сен олармен қалай сөйлестің?

**Есекмерген.** Түбі түркі ел екен, түсінісіп кеттік.

**Әжібай.** Сен жүрісіңді қалай түсіндірдің?

**Есекмерген.** Елден қашып жүрген қашқынмын дедім.

**Әжібай.** Ал Маңғыстауды шөл жер екен дейтін еді ғой. Су жағы қалай?

**Есекмерген.** Біз Шотан батырмен сырлас адамдармыз. Баяғыдан бері жыршыларымыз бен ертекшілеріміздің айта беретін адайлардың ата мекені қандай жер екен, баралық. Аңысын аңдап көрелік дедік. Ол маған Маңғыстауда ел тұруға, мал өсіруге жарайтын жер ме екен, бақыла, барла деп жұмсап еді. Адам аштан өлетін жер емес. Арқар мен құланның, киік пен қарақұрық дегендерің жұрттың малынан көп. Даладағы қояны мен құсы да, теңіздегі балығы мен итбалығы да адамды аштан өлтірермейтін. Алла тағаланың адамға деп жаратқан несбесі мол жер ме деп қалдық. Ағып жатқан өзені, шалқып жатқан тұщы көлі жоқ болғанымен, жер асында тұщы суы мол секілді. Ерте кезде шымырау қазып, қырық, елу құлаш тереңдіктен тұщы су алып ішіпті.

**Әжібай.** Апырым-ай! Сенің есебіңе сенсек Жиделібайсын да, Жұмақ та сол жақта болды ғой.

**Есекмерген.** Бәрінен бұрын бабаларымыздың қонысы деседі ғой.

**Әжібай.** Шотан сені ол жақтан қайдан іздеп тапты? Қалай тапты?

**Есекмерген.** Сол жақта Сисем ата деген бабаларымыздың қорығы бар екен. Сол маңайда боларсың деген. Бір-жар жылдан соң артыңнан өзім барармын. Сен аң аула. Жер таны. Түркімендермен таныс деп мені жұмсап еді.

**Әжібай.** Артыңнан жылға жетпей барғаны, шыдай алмағаны болды ғой?

**Есекмерген.** Солай да болар.

**Әжібай.** Ал сенің өз ойың қалай? Елді сол жаққа бағыттауға болады деп ойлайсың ба? Түркімендер қандай ел екен?

**Есекмерген.** Таныстық. Түркімендер де дәл өзіміз секілді адамдар. Ал Үстүрт үсті мен Маңғыстау ойы босына жатқан кең дала. Қанша ел барса да сиғыза алар байтақ өлке.

### **3 көрініс. Шешім.**

Есекмергенмен сөйлесіп тұрған Би ағаға Назар, Шотан, Қосан батырлар сәлем береді.

**Назар.** Би інім! Бүгінгі кеңестеріңді ерте бастапсыңдар ғой. Таңдарың қайырлы болғай.

**Әжібай.** Назар аға! Қыдыр көрген қасиетті адамсың ғой. Мен бүгінгі шығар күннен үміт күтіп, атар таңнан тілек тілеп тұрмын.

**Назар.** Иншалла тілегіңді қабыл еткей.

**Әжібай.** Жаратқанға жалбарынып, қате қадам бастырта көрме деп жалынып тұрмын, Назар аға!.. Өзімді Шотан батырдың арманы адайларға тыныштық пен береке әкелер еді-ау деген дәме жеңіп бара жатырған секілді.

**Назар.** Ниетіңді Алла қабыл еткей, шырағым!.. Біз де сол ойда жүрген жанбыз. Сүйегімізді ол жерге жеткізе аламыз ба, жоқ әлде жолда қалдырымыз ба, не де болса ниеттеніп жүрген жайымыз бар.

**Әжібай.** Шыныңды айтшы, шырағым! Елді Маңғыстауға көшірелік деген ойды саған біреу айтты ма, жоқ әлде өзің ойлап таптың ба? Қайдан шығарып жүрсің, Шотан батыр?

Тоғыс би шығады. Сәлемдеседі.

**Шотан батыр.** Дәл солай деп маған ешкім де айтқан жоқ. Мені осы жолға бастап жүрген бабаларымыздың аңыздары мен жырларындағы, термелері мен дастандарындағы арманы ғой...

**Әжібай.** Дұрыс екен.

**Тоғыс би.** Дұрыс болар. Жыршылардың сазында жан терберлік бір сағыныш сарыны жататын еді ғой. Соларды сен Маңғыстауға деген сағыныш сазы деп түсінген екенсің ғой... Дұрыс, дұрыс болар...

Сахнаға Көсем би мен Сайқы би шығады.

**Шотан батыр.** Мен бұл жөнінде ұзақ ойланып, толғандым. Содан барып өткен жылы Есекмерген батырды Үстүрт пен Маңғыстау ойына жұмсадым.

**Көсем би.** Не дейді?

**Сайқы би.** Не десін! Бұлар сол жақтағы сулар мен шұрайлы жерлерді бөліп алыпты. Белгілеп келіпті.

**Көсем би.** Онда бізбен несіне ақылдасып отыр?

**Тоғыс би.** Көсем би! Жұрт сөзіне мақұлың аз болғанмен, ақылың аз адам емес едің. Мен Шотанға сенемін. Осы мәселеде ауыздың бірлігі керек болатын реті бар.

**Көсем би.** Өзі біліп, өзі шешетін болса бізді несіне шақырыпты?

**Тоғыс би.** Қарындасты қас етіп, бұралқыны бас етіп жүруге құмар қазақпыз ғой. Дегенмен Шотан батыр тек қана ауызбен емес, қолымен де іс тындыра алатынын байқатып жүр.

**Әжібай.** Маңғыстау бос жатқан жер дейді... Бос жатқан жер болса түркімендерге де көрші керек болар, қорғаныш керек болар. Көрші керек болса көсілген аяғын жинамас па, ата заңын сыйламас па? Келісерміз! Мен сіздерге Шотанды қолдалық деп ой тастағалы тұрмын.

**Шотан батыр.** Біздер үшін Маңғыстау тек қана бос жатқан жер емес. Ол біздер үшін үш жүз алпыс әулие аталарымыздың сүйегі

қалған жер! Біздерді сол үш жүз алпыс әулелердің аруағы шақырып жатырған жер!..

**Қосан батыр.** Шотан аға-ай! Осы сөздеріңізді ел-жұртқа дұрыс жеткізе алса, Маңғыстауға көшуге қарсы болар жан табылмас деп ойлаймын!..

**Әжібай.** Шотанның жастай-ақ айтар ақылы, берер билігі ел-жұртының ойынан шығып, оған Шотан би атағын бермеп пе еді, елі!..

**Тоғыс би.** Кеше ғана жоңғар жауға қарсы үш жүздің қолын бастаған, тек қана адай емес қазақ халқының намысын қорғаған, сол үшін халқы батыр атағын берген Шотанымыз емес пе?..

**Қосан батыр.** Қазір ел қамын ойлайтын Шотанға тең келер кіміміз бар? Жұртым үшін жан пида деп, жанын ортаға салып жүрген жоқ па!..

**Әжібай.** Дұрыс, дұрыс!.. Қарындас бастан бірлігің кетпесін. Бірлігің кеткен күні жат пенен жауға көрсетер дәрменің де кететінін ұмытпа...

**Сайқы би.** Бәріміз де солай ойлап тұрмыз. Тек қана мына Көсем құрдас қарсы болмаса?!.

**Көсем би.** Жоқ, мен қарсы емеспін. Менікі қарсылық емес.

**Шотан батыр.** Ағайынға айтыңдар! Түсіндіріңдер! Ойлансаңдар етті! Адайлар қашаңғы халқы үшін қанын төккен батырларын кез-келген аты жоқ төбенің басына тастап кетпек?.. Ұрпағына үлгі боларлық абздарының басына барып бата жасай алмау деген не қорлық?

Өзгелер қауымына жерлеп, өзінің атын қашаңғы ұмытпақ? Атасы мен анасынның атын есте қалдыра алмаса анадан туып не керек еді?

Атаның атына ие болып жүре алмаса адай атанып не керек еді?

**Әжібай.** Бұл сөзің рас, Шотан батыр. Сай сүйегімізді сырқыраттың, шырағым! Бұл жиын сізді түгел қостады. Елге де айтармыз. Ел де қостар. Ал ендігі ойың қалай, соны түсіндірші бізге.

**Шотан батыр.** Сіздер қостасыңыздар енді әр ауылдан жігіті мол, жаны мол үйлерден алпыс үймен сол жаққа қозғалсам ба деймін. Ол жақтағы елдің бойын үйрете берелік. Араласа берелік.

**Әжібай.** Аз емес пе?

**Қосболай батыр.** Аз деп жатсаңдар біздің ауылдан да біраз үй ала кетіндер.

**Шотан батыр.** Әжібай аға, біз көппен ол жақтағы тұрып жатырған елді шошытпалық дедік. Алпыс үйге тоқтаған себебіміз сол. Екі-үш түтіннің артық кемі байқалмас. Айтып қалдыңыз ғой, Қосболай аға, өзіңіздің ауылдан екі үй, шеркештерден бір үй дайындаңыз.

**Әжібай.** Ел мен елдің арасына ат шаптырып, хабарын біліп отырамыз ғой.

**Шотан батыр.** Ал билер мен ағалар! Олай болса елді жинап батасын алалық! Біз алпыс үйді жолға дайындалық. Қосболай аға, бізге қосатын үйлеріңді біздің ауылға көшіре беріңдер.

**Әжібай.** Ал адайдың батырлары мен билері! Ал, Назар би! Мен астымдағы шұбар арғымағымды осы жолға құрбандыққа атадым. Енді мінілмесін. Бос жіберіңдер. Маған ат дайындат. Енді бір айдан соң жаңа жұртқа көшіп қон. Елді жинап, сол жерде қалың елдің батасын алалық!

**Назар.** Жаныңа балаған тұлпарың еді. Құрбандығыңды Алла қабыл етсін, Әжібай! Осы әңгіменің басы-қасында әуелден араласқан адамсың ғой, сол жиында ел жолына бата беретін де өзің боларсың...

**Әжібай.** Болсын. Болсын.

**Шотан батыр.** *(қолын көкке жаяды)*

Ей Алла! *(Шотанның қолын көкке көтеріп тұрғанын байқап басқалар да қолдарын жаяды)*

Ей Алла! Сапарымызды сәтті ете көр!..

Дауыстар: Амин!.. Амин!.. Амин!..

Ей Тәңірім! Маңғыстауымызға аман жеткізіп, еліміздің мәңгілік мекені ете көр!..

Дауыстар: Амин!.. Амин!.. Амин!..

Ей құдіреті күшті Жаратқан!.. Маңғыстауды халқымыздың құтты қонысы ете көр!..

Дауыстар: Амин!.. Амин!.. Амин!..

Шымылдық.

